

Білім беру ұйымы: № 26 «Үміт» бөбекжай – балабақшасы МКҚК


Тобы: «Балдырған» мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 06-10.04.2026 жыл

Құндылық – «Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы» Дәйек сөзі: «Еңбек-қуаныштың кілті» 2 апта

Тәрбиешілер: Жетмекова Г.У. Сарсенова А.А.

Тексерілді: 

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.04.2026 ж	Сейсенбі 07.04.2026 ж	Сәрсенбі 08.04.2026 ж	Бейсенбі 09.04.2026ж	Жұма 10.04.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру				

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тындату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуірайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				

Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка (жетекші жоспарымен) Тіл дамыту Тақырыбы: Көктемгі табиғат Міндеті: Сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, салыстыру, жаттығу Тапсырмалары: Сөйлемдер құрастыру Ойын: «Қай сөйлем?» Ойын барысы: Тәрбиеші сөйлем айтады: «Күн жылынды.»	Денешынықтыру (жетекші жоспарымен) Көркем әдебиет Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі Міндеті: Кейіпкерлердің мінезін ажырату. Образды түрлендіріп жеткізуге үйрету. Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, талдау, ойын Тапсырмалары: Кейіпкерлерді сипаттау Ойын: «Кім қалай сөйлейді?» Ойын барысы: Балалар әр аюдың дауысын салып сөйлейді.	Музыка (жетекші жоспарымен) Математика негіздері Тақырыбы: Геометриялық фигуралар Міндеті: Балаларды геометриялық фигуралармен (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) таныстыру. Пішіндерді ажыратып, салыстыра білуге үйрету. Бақылау, талдау дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, салыстыру, зерттеу, ойын, мадақтау Тапсырмалары: Фигураларды атау Ұқсастығы мен айырмашылығын табу Заттарды пішініне қарай топтастыру Ойын: «Қай	Денешынықтыру (жетекші жоспарымен) Қазақ тілі «Өсімдік – тіршілік көзі» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Көркем сөзді қолдан және түсіндір» Тәрбиеші балаларға «Гүл – өмірдің сәні» тіркесін ұсынады. Балалар осы тіркесті қолданып толық сөйлем құрайды: «Гүл – өмірдің сәні, өйткені ол айналаны әдемі етеді және көңіл-күйді көтереді». Балалар өз ойларын нақты, түсінікті, жайылма сөйлеммен жеткізуге жаттығады.	Денешынықтыру (жетекші жоспарымен) Математика негіздері Тақырыбы: Кең-тар Міндеті: Кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (кең, тар). Зерттеу арқылы салыстыру дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, тәжірибе, бақылау, ойын Тапсырмалары: Кең және тар заттарды анықтау Салыстыру Ойын: «Тап және көрсет» Ойын барысы: Балаларға екі жол көрсетіледі (бірі кең, бірі тар). Балалар қайсысы
--------------------	--	--	--	---	--

«Күн жылынды ма?» «Күн қандай жылы!» Балалар сөйлем түрін анықтайды және өздері мысал келтіреді. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Геометриялық фигураларды бастыру Міндеті: Фигураларды дәл бастыру дағдысын жетілдіру. Қол қимылын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, жаттығу, практикалық жұмыс Тапсырмалар	Сауат ашу Тақырыбы: Жолар алық кеңістік Міндеті: Жазу кезінде жолдан шықпауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдері: Көрсету, жаттығу, бақылау Тапсырмалары: Сызықтан шықпай жүргізу Ойын: «Шығып кетпе» Ойын барысы: Балалар дайын сызықтарды бастырып жүргізеді. Тәрбиеші әр баланың жұмысын бақылап, көмектеседі. Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу	фигура?» Ойын барысы: Тәрбиеші әртүрлі фигураларды көрсетеді. Балалар олардың атын атайды және қоршаған ортадан сол пішінге ұқсас заттарды табады (доп – дөнгелек, терезе – шаршы). Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Сөздегі дыбыстардың орны Міндеті: Дыбыстың сөз басында, ортасында, соңында орналасуын анықтауға үйрету. Есту қабілетін дамыту. Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, талдау, ойын Тапсырмалары: Дыбыстың орнын	Ойын 2: «Пікір білдіру және дәлелдеу» Балаларға сұрақ қойылады: «Өсімдіктер не үшін керек?» Балалар жауап береді: «Менің ойымша, өсімдіктер ауаны тазартады, себебі олар оттегі бөледі». Балалар бір-бірінің жауабын тыңдап, өз пікірін толықтыруға үйренеді. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Ө, Ү, І, Н дыбыстарын анық айт» Балалар өсімдік, гүл, ілмек, нау сөздерін анық, дұрыс айтуға жаттығады.	кең, қайсысы тар екенін анықтап, дәлелдейді. Қазақ тілі «Өсімдікке күтім жасау» Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Дәлелде және түсіндір» Балаларға сұрақ қойылады: «Өсімдіктерге не үшін күтім жасау керек?» Балалар толық, жайылма сөйлеммен жауап береді: «Өсімдіктерге күтім жасау керек, себебі олар тірі табиғатқа жатады және сусыз, жарықсыз өсе алмайды». Балалар өз ойын дәлелдеп айтуға, себеп-салдар
---	---	--	---	--

ы: Шеңбер, шаршыны бастыру Ойын: «Қай фигура?» Ойын барысы: Балалар фигураны атап, оны бастырып шығады. Шеттен шықпауға назар аударылады. Қоршаған әлеммен таныстыру Тақырыбы: Жаб айы жануарлар Міндеті: Жабайы жануарларды (қасқыр, аю, түлкі, қоян) танып, ажыратуға үйрету. Олардың мекен ету ортасын анықтау (орман,	Құрастыру Шығармашылық іс-әрекет Тақырыбы: Әдемі оюлы табак Міндеті: Ою-өрнектерді құрастыру және бояу дағдыларын жетілдіру. Затқа қарап мүсіндеу (табак, ыдыс). Қағаздан симметриялы пішіндерді қиюға үйрету. Құрастыруда шынайы бейнемен байланыс орнату. Әдіс-тәсілдері: Көрнекілік, түсіндіру, тәжірибе, сұрақ- жауап Тапсырмалары: Оюмен безендіру Ыдыс мүсіндеу Қағаздан өрнек қию	анықтау Ойын: «Қай жерде?» Ойын барысы: «Бал» сөзі айтылады. Балалар «б» дыбысы сөздің басында екенін айтады. Әр сөзбен жұмыс жүргізіледі. Тіл дамыту Тақырыбы: Құстар көктемде Міндеті: Сөздік қорын дамыту. Диалог барысында бір-бірін тыңдауға үйрету. Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, сұрақ- жауап, ойын Тапсырмалары: Құстар туралы әңгіме құрастыру Ойын: «Сұраққа жауап бер» Ойын барысы: Тәрбиеші: «Құстар қайдан келеді?» Балалар толық жауап	Сөздерді буынға бөліп айту ұсынылады: ө-сім- дік, гүл. Ойын 2: «Тыныс алу және дикция» Балалар сөйлемді бір тыныспен айтуға жаттығады: «Әдемі гүл терезе алдында өсіп тұр». Сөйлемді баяу және анық айтуға көңіл бөлінеді. Сөздік қор Ойын 1: «Жұмбақ шешу» «Жасыл болып өседі, үйге сән береді» – гүл. Балалар толық жауап беріп, сипаттайды. Ойын 2: «Такпак жаттау» Балалар өсімдік туралы қысқа такпакты мәнерлеп айтады.	байланысын қолдануға жаттығады. Ойын 2: «Диалог құру» Балалар жұптасып сөйлеседі: – Сен өсімдікке қалай күтім жасайсың? – Мен өсімдікке су құямын, жапырағын сүртемін, жарық жерге қоямын. Балалар еркін диалог құруға, сұрақ қою және толық жауап беруге дағдыланады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Дыбыстарды анық айту» Балалар ө, ү, і дыбыстары бар сөздерді анық
---	---	---	---	--

дала). Бақылау, салыстыру, талдау дағдыларын дамыту. Әдіс-тәсілдері: Көрнекілік, әңгімелесу, сұрақ-жауап, бақылау, ойын, мадақтау Тапсырмалары: Жануарларды атау Қайда өмір сүретінін айту Ерекшеліктерін сипаттау Ойын: «Қайда тұрады?» Ойын барысы: Тәрбиеші жануарлардың суреттерін көрсетеді. Балалар: «Қасқыр орманда	Құрастыру Ойын: «Сәнде және орналастыр» Балалар өз жұмыстарын безендіріп, ортақ композиция жасайды.	береді: «Құстар жылы жақтан ұшып келеді». Балалардың кезекпен сөйлеуі бақыланады.	Әр сөздің мағынасы түсіндіріледі. Грамматикалық құрылым Ойын 1: «Тәуелдеп айт» Гүл – гүлім – гүлің – гүлі – гүліміз. Балалар осы сөздермен сөйлем құрайды. Ойын 2: «Сөйлем түрлерін қолдан» Хабарлы: Гүл өсіп тұр. Сұраулы: Гүл қайда өседі? Лепті: Қандай әдемі гүл! Байланыстырып сөйлеу Ойын 1: «Өсімдікті сипатта» Балалар зат, сын, сан есімдерді қолданады: «Бір үлкен жасыл	айтуға жаттығады: өсімдік, гүл, бүршік, ілмек. Сөздерді буынға бөліп айту ұсынылады. Ойын 2: «Тыныс және қарқын жаттығулары» Балалар сөйлемді бір тыныспен айтуға жаттығады: «Өсімдіктерге күн сәулесі мен су қажет». Сөйлемді баяу және қалыпты қарқынмен айту арқылы сөйлеу мәдениеті дамытылады. Сөздік қор Ойын 1: «Жұмбақ шешу» «Күнді сүйеді, су ішеді, үйді сәнге бөлейді» – гүл. Балалар жауапты толық айтып,
---	---	--	---	--

	тұрады», «Қоян далада жүреді» деп толық сөйлеммен жауап береді. Жауаптарын дәлелдеуге бағыт беріледі.			гүл терезеде өсіп тұр». Ойын 2: «Әңгіме құрастыру» Балалар 5–6 сөйлемнен тұратын әңгіме айтады. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» Міндеті: Қиялын дамыту. Сюжетті өзгертіп айтуға үйрету. Әдіс-тәсілдері: Әңгіме, сұрақ-жауап Тапсырмалары: Ертегіні өз бетінше өзгертіп айту Ойын: «Ертегіні өзгерт» Ойын барысы: Балалар оқиғаны басқа түрде аяқтайды. Математика негіздері	сипаттайды. Ойын 2: «Айтыс элементі» Балалар кезекпен өсімдікті күту жолдарын айтады: «Гүлге су құю керек» – «Жапырағын сүрту керек» – «Күнге қою керек». Бұл тапсырма балалардың сөздік қорын кеңейтеді. Грамматикалық құрылым Ойын 1: «Септеу» Балалар «гүл» сөзін септейді: гүл, гүлдің, гүлге, гүлді, гүлде, гүлден. Ойын 2: «Жайылма сөйлем құра» Балалар толық сөйлем құрайды: «Әдемі гүл жарық терезеде жақсы өседі, себебі оған күн сәулесі түседі».
--	--	--	--	---	--

				Тақырыбы: Ұзын-қысқа Міндеті: Заттардың ұзындығын салыстыруға үйрету. Себеп-салдарлық байланыстарды орнату (қайсысы неге ұзын/қысқа). Зейін, бақылау қабілеттерін дамыту. Әдіс-тәсілдері: Бақылау, салыстыру, тәжірибе, ойын Тапсырмалары: Заттарды ұзындығына қарай салыстыру «Ұзын», «қысқа» ұғымдарын қолдану Ойын: «Қайсысы ұзын?» Ойын барысы: Балаларға екі түрлі ұзындықтағы таспа	Байланыстырып сөйлеу Ойын 1: «Әңгіме құрастыру» Балалар өсімдікке күтім жасау туралы 5–6 сөйлемнен тұратын әңгіме айтады. Ойын 2: «Еркін диалог» Балалар топпен сөйлесіп, өз ойларын ортаға салады. Қоршаған әлеммен таныстыру Тақырыбы: Жануарлардың тіршілігі Міндеті: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екенін түсіндіру. Олардың қозғалу, қоректену, өсу, көбею ерекшеліктерін
--	--	--	--	--	--

				беріледі. Балалар салыстырып, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін айтып, себебін түсіндіреді.	бақылау арқылы анықтау. Себеп-салдарлық байланыстарды орнату. Әдіс-тәсілдері: Бақылау, талдау, сұрақ-жауап, тәжірибе элементтері, ойын Тапсырмалары: Жануарлардың қалай қозғалатынын айту Қорегін анықтау Тіршілік белгілерін атау Ойын: «Қалай қозғалады?» Ойын барысы: Балалар жануарларды қимылмен көрсетеді: «Қоян секіреді», «Жылқы жүгіреді», «Құс ұшады». Содан кейін неге олай қозғалатынын түсіндіреді
--	--	--	--	---	--

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Сәуірайына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы Картотека №21 Ұ.О: «Асық» «Жасыл	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Картотека №25 Ұ.О: «Қамшы» «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы <i>Картотека №13</i> <i>Сюжеттік-рөлдік ойын «Кітапхана»</i>	«Жеке қауіпсіздік» №9 «Қауіпсіз аттракциондар. Ойын-сауық саябағында қалай әрекет ету керек?» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Картотека №24 Ұ.О: «Қыз қуу» «Адал азамат»	Вариативтік компонент «Білімділер патшалығы» Тақырыбы: «Үлгіге қарап боя.» Мақсаты: Қол моторикасын жетілдіру, шапшаңдыққа баулу. «Ұлттық ойын-ұлт	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы Картотека №18 Ұ.О: «Бәйге жарыс» Картотека №14 Сюжеттік-рөлдік ойын «Шаштараз»

Балалармен жеке жұмыс	Алинұрмен коррекциялық жұмыс. Тілдік дамыту жаттығулары. «Сөздер ұқсас дыбыс шығарады ма?». Мақсаты: Тілдің дыбысталу мәдениетін дамиды.	Аяламен коррекциялық жұмыс. «Баудағы не?» Ара болсаң, ызында 3-3-3, ж-ж-ж, 3-3-3, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (3-3-3) - қатты\жай	Санжардың «Буынды сөз құрау» ойынын өткізуге болады Мысалы: - ас, - бақ, - ком, - пан, - са, - байн буындар берілсе, оқушылар са – бақ, ас –пан, деген сөздерді құрайды..	Хусейнге коррекциялық жұмыс. Дыбыстық жаттығу. «Дәрігерге тамағынды көрсеткенде аузынды ашып, қандай дыбыс шығарасың? А а а Қуыршақты жұбатқанда қандай дыбысты айтасың? Ә Ә Ә	Акмедиярға коррекциялық жұмыс. Жаңылтпаш: «С», «Ш» дыбыстарының дұрыс айтуға жаттықтыру. Үш кісі, ішік пішті. Бес кісі ішік пішті Неше кісі ісік пішті
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Бағытты өзгерту» Шарты: Белгі бойынша оңға, солға, артқа бұрылып жүгіреді.	«Арқан тартыс» Шарты: Екі топ арқанды өз жағына тартып жарысады.	«Қақпан» Шарты: Шеңбер жасап тұрған балалар қолдарын түсіріп- көтеріп, ішінен жүгіріп өтетіндерді «қақпанға» түсіреді.	«Көктемгі жарыс» Шарты: Жүгіру, секіру, лақтыру элементтері бар шағын командалық жарыс ұйымдастырылады.	«Аңшылар мен үйректер» Шарты: «Аңшы» доппен тигізуге тырысады, қалғандары жалтарып жүгіреді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут				